

2010 жылы Қорғалжын ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 22 ақпандағы № 16 қаулысы. Ақмола облысы Қорғалжын ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 наурызда № 1-15-142 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 2 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің
2011.01.06 № 2 қаулысымен*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 20 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 Қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру Ережесінің 7, 8 тармақтарына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2010 жылы Қорғалжын ауданының ұйымдарында қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылсын.

2. 2010 жылы Қорғалжын ауданы бойынша ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, еңбекақы мөлшері және оларды қаржыландыру көзі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Қ. Аққожинаға жүктелсін.

4. Осы қаулы Қорғалжын ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С.Қасенов

Келісілді:

«Ақмола облысы Қорғалжын ауданының
қорғаныс істер жөніндегі бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің бастығы Т.О.Әшімов

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылық министірлігінің
Орман және аң шаруашылығы комитетінің
«Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы»
мемлекеттік мекемесінің директоры М.С.Айтжанов

**«Казпочта» акционерлік
қоғамы «Астана почтамты»
Астана филиалының
Қорғалжын почта байланыс
Е.Т.Мустафин**

торабының бастығы

Қорғалжын

ауданы

әкімдігінің

22.02.2010

ж .

№

16

қаулысына қосымша

2010 жылы Қорғалжын ауданы бойынша ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, еңбекақы мөлшері және оларды қаржыландыру көзі.

| № | Ұйымдардың атауы | Қоғамдық жұмыстардың түрлері | Көлемі |
|---|--|------------------------------|-------------------|
| 1 | «Амангелді ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 115,0 шаршы метр |
| 2 | «Арықты ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 250,0 шаршы метр |
| 3 | «Қарашалғын ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 250,0 шаршы метр |
| 4 | «Кенбидайық ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 115,0 шаршы метр |
| 5 | «Қызылсай ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 210,0 шаршы метр |
| 6 | «Қорғалжын ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 4000,0 шаршы метр |
| 7 | «Коммуна ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 213,0 шаршы метр |
| 8 | «Сабынды ауылдық округі әкімінің мемлекеттік мекемесі | Аумақты тазалау аппараты» | 350,0 шаршы метр |
| 9 | Қорғалжын ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығына негізделген «Өрлеу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны | | 74,1 шаршы метр |

